

Өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін қуаттау үшін қажет құжаттардың тізбесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2005 жылғы 19 тамыздағы N 182 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 13 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3834. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 610 бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.09.20 № 610 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 және 2002 жылғы 10 қаңтардағы N 23 қаулыларына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 сәуірдегі N 327 қаулысына сәйкес және бөрене кесу жөніндегі жұмыстарға лицензия берудің тәртібі мен шарттарын айқындау мақсаттарында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін қуаттау үшін қажет құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. Комитеттің Орман және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар басқармасы белгіленген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін.

3. Осы бұйрық ол бірінші рет ресми жарияланған сәттен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғы м и н и с т р л і г і
О р м а н ж ә н е а ң ш ы л ы қ ш а р у а ш ы л ы ғы
к о м и т е т і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 9 т а м ы з д а ғы
N 1 8 2 б ұ й р ы ғы м е н
бекітілген

Өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін қуаттау үшін қажет құжаттардың тізбесі

1. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N

1894 қаулысымен бекітілген нысанға сәйкес белгіленген үлгідегі өтініш .

2. Лицензиялық алымның төленгенін қуаттайтын құжат.

3. Нотариалды түрде куәландырылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі.

4. Нотариалды түрде куәландырылған жарғының көшірмесі (заңды тұлғалар үшін) .

5. Нотариалды түрде куәландырылған статистикалық карточканың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін) .

6. Нотариалды түрде куәландырылған жеке куәліктің көшірмесі (жеке тұлғалар үшін) .

7. Кадрлар құрамы бойынша құжаттар тізбесі:

1) заңды тұлғалар үшін:

тиісті жоғары кәсіби білімі және мамандығы бойынша (ағаш дайындау, ағаш өңдеу, орман шаруашылығы) кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе тиісті орта арнайы білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар жауапты орындаушылар - инженер-техник қызметкерлер үшін:

нотариалды түрде куәландырылған дипломның көшірмесі;

нотариалды түрде куәландырылған еңбек кітапшасының немесе келісім-шарттың көшірмесі;

2) жеке тұлғалар үшін:

тиісті жоғары білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе тиісті орта арнайы білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар:

нотариалды түрде куәландырылған дипломның көшірмесі;

нотариалды түрде куәландырылған еңбек кітапшасының немесе келісім-шарттың көшірмесі.

8. Материалдық-техникалық база жөніндегі құжаттардың тізбесі:

1) ағаш материалдары сортталатын алаң және ағаш кесу қалдықтарын жинайтын орын көрсетілген өндірістік учаскенің сызба жоспары;

2) тақтай тілетін орынның, жүк көтеру-көлік тетіктерінің, тракторлардың техникалық паспорттарының нотариалды түрде куәландырылған көшірмелері;

3) мемлекеттік экологиялық сараптама, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, мемлекеттік экологиялық қадағалау органдарының тақтай тілетін орын немесе бөрене кесу жөніндегі технологиялық жабдықтардың басқа түрлері бойынша қорытындыларының нотариалды түрде куәландырылған көшірмелері;

4) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі комитеті аумақтың органдарының тиісті жұмыс түрлерін жүргізуге берген қорытындысы .

9. Қосымшаға сәйкес нөмірленген, тігілген, қол қойылып, өтініш берушінің мөрімен куәландырылған Орман өнімінің журналы.

10. Қазақстан Республикасының қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі заңнамасына сәйкес өндірістік-тұрмыстық жағдайлардың тізбесі (демалыс бөлмесі, тамақтану орыны).

11. Өртке қарсы құрал-саймандардың тізбесі (бастапқы өрт сөндіру құралдары қойылған өрт сөндіру қалқаны, құм толтырылған өрт сөндіру ыдыстары, мотопомпалар).

Өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін қуаттау үшін қажет құжаттардың тізбесіне қосымша

Орман өнімін есепке алу

ЖУРНАЛЫ*

_____ (лицензиаттың атауы)

бұл журналда _____ (жазбаша) парақ
нөмірленген және тігілген

_____ * журнал нөмірленіп, тігіліп, лицензиаттың қолымен және мөрімен куәландырылады

р/с NN	Сүректің тілеуге келіп түскен күні	Ағаш тұқымының атауы	Бөрене жеткізіп берушінің атауы және бөрененің келіп түскенін куаттайтын құжат көрсетілген оның мекенжайы	Келіп түскен бөрененің көлемі, м ³	Орман өнімнің шығымы, м ³			Дайын өнімді өткізу күні мен құжатының N
					Тақтай материал	горбыль	қалдық	

1	2	3	4	5	6	7	8	9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК